

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

Астана қаласы

город Астана

**Қазақстан Республикасында ауыл мектептерін
дамытудың «Ауыл мектебі – сапа алаңы» тұжырымдамалық
тәсілдерін бекіту туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының ауылдық мектептерінде білім беру сапасын арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасында ауыл мектептерін дамытудың «Ауыл мектебі – сапа алаңы» тұжырымдамалық тәсілдері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті (Қ.Б. Жұмашев) осы бұйрықты облыстық білім басқармалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдарының назарына жеткізсін.

3. Облыстардың білім басқармаларының басшылары:

1) осы бұйрықты аудандық білім бөлімдерінің назарына жеткізсін;

2) Қазақстан Республикасында ауыл мектептерін дамытудың «Ауыл мектебі – сапа алаңы» тұжырымдамалық тәсілдерінің орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту бірінші вице-министріне (Н.В. Жумадиляева) жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Ғ. Бейсембаев

Согласовано

31.01.2025 13:02 Еришева Сара Беккужевна

31.01.2025 13:05 Жумадильдаева Наталья Васильевна

31.01.2025 14:19 Амиржанова Батес Умирбековна

31.01.2025 14:34 Карамбаев Ж.П. ((и.о Жумашев Каныбек Бекболатович))

31.01.2025 14:41 Сембаева Роза Нурлановна

31.01.2025 14:45 Акитаева Гульден Бериковна

31.01.2025 14:55 Дуйсенбаева Фариза Сансызбаевна

Подписано

31.01.2025 14:57 Бейсембаев Гани Бектаевич



Министерство просвещения Республики Казахстан - Утеуова М.К.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
«31» қаңтар 2025 жылғы
№ 21 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасында ауыл мектептерін дамытудың «Ауыл мектебі – сапа алаңы» тұжырымдамалық тәсілдері

I. Ағымдағы жағдайды талдау

1. Білім беру ұйымдарының инфрақұрылымы

Қазақстан аумағы кеңдігімен және халық тығыздығының төмендігімен сипатталады, бұл білім беру жүйесінде ауыл мектептерінің басымдығын анықтайды. Елдегі 6 879 мемлекеттік мектептің 73%-ы (5 026) ауылдық жерлерде орналасқан, онда 1,5 млн бала (жалпы мектеп оқушыларының 42%-ы) білім алады. Сонымен қатар ішкі және сыртқы көші-қонға байланысты ауыл мектептеріндегі білім алушылардың және осындай мектептер желісінің саны үнемі өзгеріп отырады.

Өңірлер	Мемлекеттік мектептер саны	олардың ішінде		Білім алушылардың саны	олардың ішінде	
		қала	ауыл		қала	ауыл
ҚР	6 879	1 853	5 026	3 545 494	2 039 335	1 506 159
Абай	303	74	229	99 714	61 054	38 660
Ақмола	528	93	435	138 362	72 877	65 485
Ақтөбе	403	123	280	170 121	124 611	45 510
Алматы	430	40	390	350 931	48 657	302 274
Атырау	205	76	129	139 843	76 822	63 021
Батыс Қазақстан	358	60	298	121 789	70 081	51 708
Жамбыл	451	99	352	230 333	99 575	130 758
Жетісу	315	59	256	129 207	59 714	69 493
Қарағанды	394	172	222	170 077	136 073	34 004
Қостанай	433	87	346	111 687	69 867	41 820
Қызылорда	297	66	231	168 696	75 491	93 205
Маңғыстау	149	49	100	171 485	76 712	94 773
Павлодар	355	85	270	115 417	81 613	33 804
Солтүстік Қазақстан	438	57	381	71 711	34 407	37 304
Түркістан	914	112	802	471 319	108 986	362 333
Ұлытау	85	38	47	40 847	32 155	8 692
Шығыс Қазақстан	344	86	258	98 000	64 685	33 315
Астана қаласы	109	109	0	233 411	233 411	0
Алматы қаласы	215	215	0	308 709	308 709	0
Шымкент қаласы	153	153	0	203 835	203 835	0

Мемлекет шағын немесе шалғай елді мекендерде білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін білім алушылардың ең аз контингенті бар мектептердің жұмыс істеуіне кепілдік береді:

бастауыш – 5-тен 40 адамға,

негізгі – 41-80 адамға,
орта – 81-180 адамға дейін.

Ғимараттар жағдайы

Еліміздегі барлық апатты жағдайдағы білім беру ұйымдарының 76%-ы (55-тің 42-сі) ауылдық жерлерде орналасқан, олардың басым бөлігі Батыс Қазақстан (14), Ақтөбе (4), Қызылорда (4) және Түркістан (3) облыстарында орналасқан. Сондай-ақ, ауылдарда 181 саманнан, 51 ағаштан, 13 қамыстан салынған мектептер өз жұмысын жалғастыруда. Бұл мектептер заманауи талаптарға сәйкес болмағандықтан, балалардың сапалы білім алуына қосымша қиындықтар туғызады.

Бейімделген ғимараттарда 770 (29%) ШЖМ орналасқан, мұнда 30 434 бала білім алады. 317 ауылдық мектеп күрделі жөндеуді қажет етеді (оның ішінде 120 - ШЖМ, бұл мектептерде 11 410 бала білім алады). 248 ШЖМ-да (9,2%) ыстық тамақ ұйымдастыруға жағдай жоқ, ал 465-інде (13%) кітапхана жоқ. 1 090 ШЖМ (40,6%) жоғары жылдамдықты Интернетке қосылмаған. Көптеген мектептерде физика, химия, биология, робототехника және IT пәндері бойынша заманауи кабинеттер жетіспейді. Ауыл мектептеріндегі компьютерлік техниканы 22–24%-ға, ал ШЖМ-да 24%-ға дейін жаңарту қажет. Бұл мәселелер ауылдық жерлердегі балалар үшін қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз етуде қосымша қиындықтар тудырады.

р/с	Өңірлер	Жоғары жылдамдықты интернетке қосылмаған мектептер саны	Кітапханасы жоқ мектептер саны
1	Ақмола	9	48
2	Батыс Қазақстан	11	47
3	Жамбыл	1	33
4	Қостанай	5	42
5	Солтүстік Қазақстан	10	39
6	Түркістан	2	51
7	Шығыс Қазақстан	16	18

Тасымал

Кейбір елді мекендерде мектептердің болмауына байланысты балалар күн сайын жақын маңдағы мектептерге баруға немесе интернатта тұруға мәжбүр. 2024 жылы 25,5 мың баланың тұрғылықты жері бойынша оқуға мүмкіндігі болмады, олардың 88,3 %-ы күнделікті тасымалмен қамтамасыз етілді, 9 %-ы интернаттарда тұрды.

2 095 елді мекеннен 1 539 мектепке 132 338 білім алушыны тасымалдау қамтамасыз етілген. Бұл мақсаттарға жергілікті атқарушы органдардың меншігіндегі 1 460 автобус, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу шарты бойынша берілген 715 автобус пайдаланылуда.

Жергілікті атқарушы органдарға тиесілі автобустар саны ең көп өңірлерге Ақмола (190 автобус), Шығыс Қазақстан (127 автобус) және Солтүстік Қазақстан (125 автобус) облыстары жатады.

Білім алушыларды қамту тұрғысынан ең көп балалар тасымалданатын Алматы (35 081 адам) және Түркістан (17 081 адам) облыстары болып табылады. Ең төменгі қамту Ұлытау (945 адам) және Қарағанды

(1 116 адам) облыстарында байқалады, бұл халықтың тығыздығы мен мектеп желісінің ауқымындағы айырмашылықты көрсетеді.

Қазақстанда 2024 жылы мектеп білім алушыларын тасымалдауды ұйымдастыруға айтарлықтай қаржы бөлінді. Тасымалдау қызметтеріне жасалған келісім-шарттардың жалпы сомасы 2,9 млрд. теңгені құрады, оның ішінде ең көп шығындар Түркістан (573,3 млн.теңге), Алматы (369 млн.теңге), Батыс Қазақстан (199,7 млн.теңге) және Жамбыл (373 млн.теңге) облыстарына тиесілі. Бұл тасымалдау жүзеге асырылатын мектептердің көптігіне және қамтылған білім алушылардың едәуір санына байланысты көбірек қаржыландыруды қажет етеді.

р/с	Өңірлер	ЖАО меншігіндегі автобустардың саны	Тасымалдау жүзеге асырылатын мектептер саны	Тасымалдаумен қамтылған білім алушылардың саны
	ҚР	1 460	1 539	132 338
1	Абай	105	98	3 232
2	Ақмола	190	152	10 035
3	Ақтөбе	53	75	12 713
4	Алматы	99	121	35 081
5	Атырау	109	56	7 121
6	Батыс Қазақстан	37	51	4 985
7	Жамбыл	61	90	8 532
8	Жетісу	66	75	2 361
9	Қарағанды	45	72	1 116
10	Қостанай	119	140	2 764
11	Қызылорда	45	54	4 891
12	Маңғыстау	22	30	10 631
13	Ұлытау	20	27	945
14	Павлодар	113	98	3 376
15	Солтүстік Қазақстан	125	141	3 010
16	Түркістан	124	157	17 081
17	Шығыс Қазақстан	127	102	4 464

Автобустардың техникалық жағдайы да үлкен алаңдаушылық туғызады. Көліктердің біршама бөлігінің қолданыстағы мерзімі 7 жылдан жоғары, бұл олардың техникалық қызмет көрсету шығындарын арттырады.

Ескі автобустары көп өңірлер Шығыс Қазақстан (84 автобус), Жамбыл (57 автобус) және Қостанай (63 автобус) облыстары.

Тасымалдауды қамтамасыз ету мәселесі Қазақстанның білім беру жүйесінде ерекше орын алатын ШЖМ үшін аса өзекті.

2. Білім беру ұйымдарының білім алушылары, басшылары мен педагогтері, олардың сапалық құрамы

Оқушылар контингенті

ШЖМ-дағы білім алушылар контингенті – 185 мың адам (мектеп білім алушыларының жалпы санының 5,3%-ы). Мұндай мектептердің ең көп үлесі халық тығыздығы ең төмен өңірлерде шоғырланған: Солтүстік Қазақстан облысы (77,1%), Қостанай облысы (65%), Ақмола облысы (64,8%), Павлодар облысы (59,8%) және басқа да өңірлер. Ауыл халқының қалаға көшуі осы өңірлердегі кейбір ауыл мектептерінің білім алушы контингентінің өте аз болуына (50 баладан аз) әкелуде. ШЖМ-ның 45%-ында (1 212 мектеп) 2,5 мың

біріктірілген сыныпта әртүрлі жастағы балалар (ШЖМ контингентінің 7,7%-ы) бірге оқытылады. Бұл арнайы оқыту және бағалау әдістемелерін қажет етеді.

Өңірлер	ШЖМ саны	олардың ішінде		ШЖМ оқушылар саны	олардың ішінде	
		қала	ауыл		қала	ауыл
ҚР	2 654	30	2 624	185 114	2 393	182 721
Абай	159	2	157	12 133	134	11 999
Ақмола	341	3	338	22 581	193	22 388
Ақтөбе	201	2	199	13 654	71	13 583
Алматы	73	0	73	5 714	0	5 714
Атырау	27	0	27	1 840	0	1 840
Батыс Қазақстан	206	1	205	14 431	55	14 376
Жамбыл	141	4	137	12 712	415	12 297
Жетісу	136	1	135	12 588	125	12 463
Қарағанды	161	4	157	11 671	301	11 370
Қостанай	273	1	272	17 249	139	17 110
Қызылорда	12	0	12	523	0	523
Манғыстау	10	0	10	895	0	895
Павлодар	212	2	210	13 021	185	12 836
Солтүстік Қазақстан	334	2	332	20 483	214	20 269
Түркістан	138	3	135	11 764	68	11 696
Ұлытау	35	3	32	2 445	253	2 192
Шығыс Қазақстан	195	2	193	11 410	240	11 170

ШЖМ-да сыныптың толық болмауынан және оқушылар санының аздығынан мектепте артық аумақ пен штат пайда болады, бұл мемлекеттік бюджетке қосымша жүктеме түсіреді.

Менеджмент мәселелері

Маңызды мәселелердің бірі – ШЖМ басшыларының біліктілік деңгейі, бұл мектептің дамуы мен басқаруында шешуші рөл атқарады. ШЖМ директорларының жалпы саны – 2 654, оның ішінде 382-сі бастауыш ШЖМ меңгерушісі қызметін атқарады. Олардың 465-і «үшінші санаттағы басшы», 189-ы «екінші санаттағы басшы», 59-ы «бірінші санаттағы басшы» біліктілік санатына ие, ал қалған 1 941 басшының біліктілік санаты мүлдем жоқ. Өңірлер бойынша деректерді талдау басшылардың дайындық деңгейі мен біліктілік санаттарында айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін көрсетті.

Білім беру ұйымдарындағы басқару жүйесіне қатысты негізгі мәселелер анықталды. Біріншіден, жоғары басқарушылық дағдылары бар басшылардың, мысалы, «екінші санаттағы басшы» және «бірінші санаттағы басшы» деңгейіндегі кадрлардың жетіспеушілігі байқалады. Бұл мектеп директорларының кәсіби дамуының жеткіліксіз екендігін және ол өз кезегінде басқарудың жалпы төмен деңгейінен көрінеді. Екіншіден, кейбір өңірлерде біліктілік санаты жоқ директорлардың жоғары үлесі тіркелген.

p/c	Өңірлер	Директорлардың жалпы саны	Біліктілік санаты жөк директорлар саны
1	Алматы	359	233
2	Ақмола	354	235
3	Жамбыл	310	180
4	Қостанай	272	189
5	Павлодар	232	153
6	Солтүстік Қазақстан	323	157
7	Түркістан	718	393

Педагогтермен қамту

2024 жылы орта білім беру саласында 406 мың педагог жұмыс істейді, олардың 52%-ы (212,9 мың) ауылдық жерлерде еңбек етеді. ШЖМ-да 50 мың педагог жұмыс істейді, бұл жалпы педагогтердің 12,3%-ын құрайды. Алайда ауыл мектептері, әсіресе ШЖМ бірқатар қиындықтармен кездесуде: педагогтер біліктілігінің жеткіліксіздігі, кәсіби өсуге деген мотивацияның төмендігі. Бұл мәселелер педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру және еңбек жағдайларын жақсарту бойынша мақсатты шараларды қабылдауды талап етеді.

Ауыл мектептерінде педагогтердің 4,5%-ы ғана магистр дәрежесіне ие (қалада – 11,6%-ы). ШЖМ көбінесе «педагог-сарапшы», «педагог-модератор» және «педагог» біліктілік санаттары бар педагогтермен қамтамасыз етілген, ал «педагог-шеберлердің» үлесі өте төмен.

ШЖМ-дағы педагогтердің жетіспеушілігі ауыл мектептеріндегі негізгі мәселелердің бірі. Бұл педагогтердің шалғай аудандарда жұмыс істеуге деген мотивациясының төмендігімен, тұрғын үйдің, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлардың болмауымен және оқу жүктемесінің жеткіліксіздігімен байланысты.

ШЖМ-да негізінен «Математика», «Ағылшын тілі», «Физика», «Химия», «Биология» пәндерінен бос орындар басым, бұл көп жағдайда ішкі қосымша жүктемемен-қоса атқарумен қамтылады да, білім сапасына кері әсер етеді.

p/c	Өңірлер	Педагогтерге сұраныс
1	Абай	126
2	Ақмола	114
3	Қостанай	146
4	Павлодар	131
5	Солтүстік Қазақстан	92
6	Шығыс Қазақстан	95

Білім сапасы мәселесі

Халықаралық зерттеулердің деректері қалалық және ауылдық мектептер арасындағы білім сапасында айырмашылық бар екенін байқатады.

PIRLS-2021 зерттеуі қалалық және ауылдық мектеп білім алушылары арасындағы оқу нәтижелеріндегі айырмашылық 21 балл екенін көрсетті.

2016 жылмен салыстырғанда бұл алшақтық 11 балға өскен.

PISA-2022 халықаралық зерттеуінің нәтижелері бойынша ауыл

мектептерінің білім алушылары қалалық мектептердегі қатарластарынан айтарлықтай төмен нәтижеде: оқу сауаттылығында 37 балл, математикада 18 балл және жаратылыстану ғылымында 26 балл айырмашылық құрауда.

Осы орайда, талдау нәтижелері ауыл мектептеріндегі білім алушылардың тұрақты түрде артта қалу үрдісін көрсетіп отыр, бұл білім беру сапасындағы алшақтықтарды жою үшін кешенді шараларды қабылдаудың қажеттілігін айқындайды.

Бұл мақсатқа жету үшін заманауи білім беру технологияларын енгізу және сапалы оқытудың негізі болып табылатын директорлар мен педагогтердің құзыреттілігін көтеруге назар аудару маңызды.

II. Халықаралық тәжірибеге шолу

Ауыл мектептері – бұл дамыған және дамушы елдерде бірдей кездесетін білім берудің әмбебап феномені. Олардың білім беру саласындағы рөлі әр қырлы және кең ауқымды міндеттерді қамтиды. Ауыл мектебінің миссиясы тек білім берумен шектелмейді. Елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне қарамастан, ауыл мектептері білім беру саласында маңызды рөл атқарып, әртүрлі әлеуметтік және білім беру қызметтерін орындайды.

Қазіргі шетелдік зерттеушілер ауылдық жерлердегі мектепке маңызды рөл ретінде қарап, оны келесідей: американдық ғалымдар – «ауыл қоғамдастығының жүрегі», финдіктер – «жергілікті әлеуметтік капиталды өндіруші және сақтаушы», үнділер – «жергілікті әл – ауқат», орыстар – «мәдениет және білім ошағы» және «ауылдың қамқоршысы» деп анықтама береді.

Көптеген елдер ауылдық жерлерде білім беруді жақсарту бойынша табысты стратегияларды жүзеге асыруда. Финляндияда үкімет білім алудың тең мүмкіндіктеріне баса назар аударады, бұл ауылдық мектептердегі нәтижелердің жақсаруына әкеледі. Жапонияда ауыл мектептерін дамытуда қоғамның қатысуы мен серіктестік шешуші рөл атқарады. Ұлыбританияда және басқа да көптеген елдерде ауыл мектебі қоғамдық орталық (комьюнити) ретінде жұмыс істейді. Мектептерде түске дейін білім беру процесі, сабақтан кейін – мектептен тыс іс – шаралар, кешкі уақыт – жастар мен ауыл тұрғындарының тақырыптық демалыс орны.

Жалпы халықаралық тәжірибеде ШЖМ жұмысындағы негізгі басымдық оқу процесін ұйымдастыруға ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қолдаудың әртүрлі түрлеріне де бағытталған. Америка Құрама Штаттары мен Финляндияда интернаттар жоқ, балаларды оқу орнына апарады. Австралия мен Швецияда ШЖМ қолда бар сұраныстарға сәйкес кластерлік түрде қаралады.

Еуропалық Одақтың сарапшылары (2022) «Ауыл мектептеріне арналған инновациялар стратегиясы» (The Rural Schools Innovation Strategies) жобасында ауыл мектептерін цифрлық трансформациялаудың негізгі стратегияларын әзірледі. Ауыл мектептерін трансформациялау үш негізгі бағытта қарастырылған: ұйымдастыру және қолдау (цифрлық инфрақұрылыммен

жарақтандыру, педагогтердің кәсіби дамуы), теңдік пен сапа (мектептердегі менеджмент, басшының тиімді және бірлескен орта құру қабілеті, дараланған және инклюзивті оқыту) және ауыл мектебі білім беру орталығы ретінде (жергілікті халықпен және стейкхолдерлермен байланыс орнату, ересек тұрғындардың дамуы үшін білім беру орталығын құру).

III. «Ауыл мектебі – сапа алаңы» республикалық жобасы аясында жүзеге асатын бастамалар

Қазақстанда ауыл мектептерін дамыту барған сайын ауқымды және көпқырлы процесс ретінде қалыптасып келеді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) басшылығымен ауылдық жерлердегі білім сапасын арттыруға бағытталған «Ауыл мектебі – сапа алаңы» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында бірнеше өңірде мемлекет, жеке сектор және қоғамдық қорлардың қатысуымен жұмыстар жүргізілуде.

1.«Цифрлық технологияларды пайдаланып, Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінің әлеуетін дамыту» жобасы

2023 – 2024 оқу жылында Ақтөбе облысында «Цифрлық технологияларды пайдаланып, Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінің әлеуетін дамыту» жобасы жүргізілді.

Жобамен Ақтөбе облысының шағын жинақты мектептерінің 134-ы (66%) (5304 білім алушы, 223 педагог) қамтылды. Оқыту бес пән бойынша (ағылшын тілі, физика, химия, математика, биология) жүргізілді.

Жобаның нәтижесінде оқушылардың білім сапасы көтерілді (*ағылшын тілі – 3,7 %, физика – 2,4 %, химия – 2,7 %, математика – 5,1 %, биология – 4,1 %*), педагогтер өз тәжірибелеріне цифрлық технологияларды қолдануға негізделген оқытудың жаңа форматтарын енгізді.

2. «Отпан»: Маңғыстау облысының тірек мектептерінің желісін құру» жобасы

2024 жылдан бастап Маңғыстау облысы орта білім беру ұйымдарында білім сапасын көтеру мақсатында «Отпан»: Маңғыстау облысының тірек мектептерінің желісін құру» жобасы іске асырылуда.

Жоба Білім беру саласын тұрақты дамыту қорының, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының, «Білім-инновация» халықаралық қоғамдық қорының және демеушілердің қолдауымен жүзеге асырылуда.

Жоба аясында мектептерді қажетті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету, оқу кабинеттерін жабдықтау, мектептерге әдістемелік қолдау көрсету және педагогтердің біліктілігін арттыру жұмыстары жүргізілуде (*2024 жылы – 9 мектеп қажетті материалдық – техникалық базамен жабдықталды, 2406 – педагог біліктілік арттыру курстарынан өтті*).

3. «Білім-инновация» лицейлерінің тәжірибесіне негізделген жоба

Алматы облысында 50 мектепті қамтитын жаратылыстану-математикалық бағыт пәндері бойынша білім сапасын арттыру мақсатында «Білім-инновация»

лицейлерінің тәжірибесіне негізделген жоба «Қазақстан халқына» қорының қаржылай қолдауымен жүзеге асырылды.

Жобаны іске асыру барысында физика, химия және биология оқу кабинеттерін практикалық сабақтар мен зертханалық жұмыстарды жүргізу үшін заманауи жабдықтармен жарақтандыру, педагогтердің біліктілігін арттыру, оқушыларды пәндік олимпиадаларға дайындау бойынша жұмыстар жүргізілді.

Жоба нәтижесінде 3847 педагог біліктілікті арттыру курстарынан өтті, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша оқушылардың үлгерімі артты (физика – 10%, химия – 6%, биология – 9%), ауыл мектептері үшін республикалық пәндік олимпиадада жүлделі орындарға ие болған оқушылардың үлесі артты (*1 – алтын медаль, 4 – күміс медаль, 3 – қола медаль*).

4. «USTAZ ULYTAU» жобасы

«USTAZ ULYTAU» жобасы білім алушылардың мүддесі мен олардың кәсіби болашағын ескере отырып, Ұлытау облысы мектептерінде оқыту сапасын арттыруға бағытталған. Жобамен Жезқазған қаласының 20 мектебі, Сәтбаев қаласының 13 мектебі және Ұлытау ауданының 17 мектебі қамтылды.

Жобаның нәтижесінде педагогтер өзекті тақырыптар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті, 286 білім алушы ағылшын тілі пәнінен ғылыми жобаларға қатысып, байқау қорытындысы бойынша 6 оқушы мен олардың жетекшісі Ұлыбританияда екі апталық оқудан өтті, 23 педагог «CLIL Methodics and tools» конкурсына қатысып, конкурс қорытындысы бойынша 3 педагог Ұлыбританияның, 3 педагог Түркияның білім беру ұйымдарында тағылымдамадан өтті.

Осы жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде негізгі пәндер бойынша білім алушылардың білім сапасы артып, оқытудың инновациялық әдістері енгізілуде, мектептердің материалдық-техникалық базасы жақсарып, педагогтердің біліктілігі жоғарылауда, ауылдық жерлердегі балалардың сапалы білімге қолжетімділігі артуда.

Осыған орай, ауыл мектептерін дамытуға және барлық балалардың тұрғылықты жеріне қарамастан, олар тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етуге, қолайлы жағдайлар жасауға мемлекет, бизнес және азаматтық қоғамның бірлескен күш-жігері жұмылдырылуда.

IV. Ауыл мектептерін дамытудың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: ауылдық жерлерде тұратын әрбір баланың заманауи талаптарға сәйкес, оның жан-жақты дамуы мен табысты әлеуметтенуіне ықпал ететін сапалы білім алуына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Міндеттері:

Білім беру ортасын жаңғырту: мектептердің материалдық-техникалық базасын жаңарту, цифрлық білім беру ортасын құру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Педагогтердің сапасын арттыру: ауыл мектептеріне талантты

педагогтерді тарту, инновациялық оқыту әдістеріне, цифрлық технологияларды пайдалануға және икемді дағдыларын soft skills дамытуға баса назар аудара отырып, педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, жас педагогтерге арналған тәлімгерлік жүйесін құру.

Білім беру жүйесін басқаруды жетілдіру: білім беру басқармасын децентрализациялау, мектептердің өкілеттіктерін кеңейту, білім беру ұйымдары басшыларының басқарушылық құзыреттілігін арттыру, білім беру процесін басқарудың заманауи жүйелерін енгізу, мектеп басқаруда ата-аналар қауымдастығының рөлін күшейту.

Инновациялық қызметті дамыту: инновациялық білім беру технологияларын енгізуді ынталандыру, мектептердің түрлі конкурстарға, жобаларға және олимпиадаларға қатысуын қолдау, білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау.

Ауыл мектептеріне әлеуметтік қолдау көрсету: қосымша білім беруді (үйірмелер, секциялар, спорттық іс-шаралар) қолжетімді етуді қамтамасыз ету, білім алушыларға тамақтану және тасымалдау ұйымдастыру үшін жағдай жасау, жергілікті қауымдастықтармен, бизнеспен және мемлекеттік органдармен серіктестік қатынастарды дамыту.

Білім алушылардың психологиялық қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету: қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын құру, білім алушылар мен педагогтерге психологиялық қолдау ұйымдастыру.

V. Ауыл мектептерін бағыттар бойынша дамытудың принциптері

Ауыл мектептерін дамыту – бұл жүйелі көзқарасты және мемлекет, қоғам мен бизнестің күш-жігерін біріктіруді талап ететін кешенді процесс. Жоғарыда көрсетілген бағыттарға сәйкес дамытудың негізгі принциптері мен тәсілдеріне мыналар жатады:

Адами капиталды дамыту:

- 1) үздіксіз кәсіби өсу қағидасы, педагогтер мен басшыларды жаңа әдістерге, технологияларға және білім берудің тәсілдеріне тұрақты оқыту;
- 2) әр педагогтің қажеттіліктері мен мүдделерін ескере отырып, оның кәсіби дамуының жеке жоспарын әзірлеу арқылы жеке көзқарасты жүзеге асыру;
- 3) тәлімгерлік және коучинг жүйесін құру, онда тәжірибелі педагогтер өз тәжірибесін жас мұғалімдерге жеткізу;
- 4) педагогтерді ынталандыру жүйесін құру, оған тек материалдық ынталандыру ғана емес, сонымен қатар жетістіктерді тану, кәсіби өсу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;
- 5) коммуникация, креативтілік, сыни ойлау және командада жұмыс істеу сияқты икемді дағдылар soft skills дамытуға басымдық беру.

Білім беру ортасын жаңғырту:

- 1) оқу процесіне цифрлық технологияларды кеңінен енгізу, цифрлық білім

беру платформаларын құру, интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету;

2) оқу жиһаздары мен жабдықтарын жаңарту, жайлы оқу жағдайларын, заманауи зертханалар мен шеберханаларды жасау;

3) энергия үнемдейтін технологияларға ауысу, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану;

4) барлық балалар, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Білім беру ресурстарына қолжетімділікті кеңейту:

1) білім беру басқармасын децентрализациялау және мектептерге шешім қабылдауда көбірек автономия беру;

2) ауыл мектептерін тәжірибе алмасу және бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін білім беру желілеріне біріктіру;

3) жоғары оқу орындары және ғылыми ұйымдармен бірлесіп, білім беру бағдарламаларын әзірлеу және ғылыми зерттеулер жүргізу;

4) шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу, халықаралық жобаларға қатысу.

Жүйелі қолдаумен қамтамасыз ету:

1) ауыл мектептерін дамытуға жеткілікті бюджет қаражатын бөлу;

2) педагогтерге әлеуметтік қолдау көрсету, оларға жеңілдіктер, өтемақылар мен тұрғын үй беру;

3) бизнес пен қоғамдық ұйымдарды тарту арқылы жеке инвестицияларды жұмылдыру, қайырымдылық қорларын құру;

4) жүргізіліп жатқан шаралардың тиімділігін тұрақты түрде бақылау және бағалау, қажет болған жағдайда түзетулер енгізу.

VI. Ауылдық ШЖМ-ны дамытудың тәсілдері

Ауылдық мектепте, әсіресе ШЖМ-да бір білім алушының оқу шығындары қалалық білім алушыларға қарағанда жоғары, бірақ мәдени және әлеуметтік орындылығын ескермей, мектептің экономикалық тиімділігін ғана бағалау мүмкін емес.

Осыған байланысты ауылдағы білім беруді дамытудың маңызды бағыты – ШЖМ желісін және олардың өзара іс-қимылын оңтайландыру.

Бұл жағдайда келесі тәсілдер ұсынылады:

1) ШЖМ-ны оңтайландыру және тірек мектептерінің бөлімшелерін құру;

2) «Ауыл мектебі – сапа алаңы» («Тірек мектебі – ШЖМ») республикалық жобасын масштабтау;

3) Ауылдық мектептерді мәдени-ағарту кешендеріне (комьюнити-орталықтар) трансформациялау;

4) ШЖМ-ның 5-11-сынып білім алушылары үшін «Білім-Инновация» лицейіне, Назарбаев Зияткерлік мектептеріне ұқсас жаңа формациядағы мектеп-интернаттар құру.

1-тәсіл. ШЖМ-ны оңтайландыру және тірек мектептерінің

бөлімшелерін құру

Ауылдық мектептердегі контингент саны бойынша ағымдағы жағдайды талдау келесіні көрсетеді:

1-кесте. Ауылдық мектептерді контингент бойынша топтастыру

Топтар	Мектептер саны	Барлық білім алушылар
5 білім алушыға дейін	23	96
5-20 контингентімен	391	4 257
21-40 контингентімен	458	14 174
41-80 контингентімен	753	44 066
81-180 контингентімен	1 125	131 082
181 және одан жоғары контингентпен	2 276	1 313 001

Қостанай (4), Батыс Қазақстан (3), Солтүстік Қазақстан (4), Шығыс Қазақстан (3), Түркістан (4) облыстарында, сондай-ақ Алматы, Жамбыл, Павлодар, Ақтөбе, Жетісу облыстарында әрқайсысында 1 мектептен 5 балаға дейінгі контингенті бар 23 мектеп жұмыс істейді (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 6 мамырдағы № 185 бұйрығы).

Екінші топқа 5-тен 20-ға дейінгі балалар контингенті бар 391 мектеп кіреді, оның ішінде 290 бастауыш, 90 негізгі және 11 орта мектеп.

Үшінші топқа 21-ден 40-қа дейінгі білім алушылар контингенті бар 458 мектеп кіреді, оның ішінде 60 бастауыш, 352 негізгі, 46 орта мектеп.

Ауылдық елді мекеннің перспективасын, мектептер контингентінің теріс динамикасын, сондай-ақ мектептің жұмыс істеу жағдайларын ескере отырып, жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік нормативке сәйкес ШЖМ оңтайландыру немесе тірек мектептерінің бөлімшелерін ашу жөнінде шешімдер қабылдау ұсынылады.

Сонымен қатар, шекара маңындағы ауылдардағы мектептердің жабылуына жол берілмейді.

Тірек мектептердің филиалдарын құру кезінде контингенті 5-тен 40 балаға дейінгі ШЖМ-лар ірі тірек мектеппен біріктіріліп, оның бөлімшелеріне айналады. Мұндай тәсіл келесі артықшылықтарды қамтамасыз етеді:

1) басқару тиімділігін арттыру: бірыңғай әкімшілік пен басқарудың айқын вертикалі тұтас жоспарлауды, сапаны бақылауды және ресурстарды бөлуді қамтамасыз етеді;

2) кадрлық әлеуетті оңтайландыру: педагогтер бірнеше бөлімшеде сабақ бере алады немесе бір әдістемелік бірлестік аясында тәжірибе алмаса алады, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру жеңілдейді;

3) ресурстарға қолжетімділікті кеңейту: негізгі (тірек) мектептің инфрақұрылымы (зертханалар, спорттық нысандар, цифрлық ресурстар) көбінесе жақсы дамыған, бұл бөлімшелердің білім алушылары мен педагогтеріне пайдалануға мүмкіндік береді;

4) бірыңғай білім беру кеңістігін құру: бірлескен оқу жоспарлары, іс-шаралар және әдістемелік бағдарламалар әртүрлі елді мекендерде білім беру мен тәрбиенің сапасын арттыруға ықпал етеді;

5) ауылдағы мектепті сақтап қалу: білім алушылар саны аз болса да, бөлімше балаларға өз ауылында білім алуға мүмкіндік береді, сонымен қатар білім беру қызметтерінің сапасы мен әртүрлілігін жоғалтпайды.

Осыған орай, ШЖМ негізгі (тірек) мектептердің бөлімшелері мәртебесіне ауысуы ауылдық жерлерде білім беру ұйымдарының неғұрлым тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, әкімшілік-шаруашылық мәселелерді шешуді жеңілдетеді және ауылдық жерлердегі білім алушылардың жалпы дайындық деңгейін арттыруға ықпал етеді.

ШЖМ-дерді тірек мектептерге (бөлімше ретінде) қосу механизмін іске асыру үшін Министрлік деңгейінде тиісті нормативтік түзетулер мен бұйрықтар қабылданып, процестің барлық өңірлерде бірыңғайлығы мен ашықтығын қамтамасыз ететін әдістемелік ұсыныстар әзірленетін болады.

Сонымен қатар, тиімді оқыту процесін ұйымдастыру бағытында:

1. оқушылар көп тасымалданатын ауылдарда жаңа мектептің құрылысын салу;

2. оқушы саны 40-қа дейінгі орта білім беру ұйымдарын біріктіріп, мектеп ашып, бастауыш сынып оқушыларын сол жерге орталықтандырып, ал жоғары сынып оқушыларын интернаттарға орналастыру ұсынылады.

2-тәсіл. «Ауыл мектебі – сапа алаңы» («Тірек мектебі – ШЖМ») республикалық жобасын масштабтау

Ауылдық мектептердегі білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында педагогтердің кәсіби дамуы, материалдық-техникалық базаны жақсарту, цифрлық және инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу арқылы Министрлік «Ауыл мектебі – сапа алаңы» жобасын жүзеге асыруда.

Жобаны масштабтау 2024 және 2026 жылдар аралығында жүзеге асырылатын болады.

Жобаны масштабтау үш кезеңнен тұрады.

1-кезең: 2024 жылғы қыркүйектен бастап Ақмола, Қостанай, Павлодар, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында жүзеге асырылуда. Оған 10 тірек мектебі мен 30 шағын жинақты мектеп тартылды.

2-кезең: 2025 жылғы қаңтар айынан басталды. 17 өңірдің 192 тірек және 759 шағын жинақты мектебі қамтылады.

3-кезең: 2025 жылғы қыркүйек айынан басталады. Бұл кезеңде масштабтау жұмысы 17 өңірдің 443 тірек және 1 824 шағын жинақты мектебімен толығыды.

Тірек мектептер мен оларға бекітілетін білім беру ұйымдарын анықтау және олардың қызметін реттеу Қағидалары әзірленеді.

Географиялық орналасу принципі бойынша тірек мектепке 3-тен 5-ке дейін ШЖМ бекітіледі және келесі механизмдер арқылы жүзеге асырылады:

Әкімдік жергілікті бюджеттен тірек және шағын жинақты мектептердің материалдық-техникалық базасын жаңартуға, сапалы интернетпен қамтамасыз етуге, тірек мектептерінің педагогтерін ынталандыру үшін үстемеақы төлеуге қаражат бөлуді жоспарлауы қажет.

Білім басқармасы жобаны енгізуді, мониторинг пен талдауды, сапаны бақылауды қамтамасыз етеді.

Әдістемелік орталық мұғалімдерді оқыту мен әдістемелік қолдауға, оқу процесін үйлестіруге толығымен жетекшілік етеді.

Тірек мектебі қолда бар ресурстарын толықтай пайдалана отырып, ШЖМ-да білім сапасын арттыру бойынша кешенді қолдау шараларын іске асырады.

ШЖМ-ның басты міндеті – тірек мектебінің қолдауы мен ресурстарын тиімді пайдалану.

«Ауыл мектебі – сапа алаңы» жобасын іске асыру үшін Министрлік деңгейінде «Білім туралы» Заңға нормативтік түзетулер енгізу бастамасы көтерілді, сондай-ақ ауыл мектептерін дамытуға бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз ететін тиісті бұйрықтар мен әдістемелік ұсыныстар әзірленеді.

3-тәсіл. Ауылдық мектептерді мәдени-ағарту кешендеріне (комьюнити-орталықтар) трансформациялау

Ауыл мектебі ауылдың әлеуметтік-мәдени және зияткерлік өмірінде маңызды рөл атқарады. Оның функциялары тек білім беру процесімен ғана шектелмейді, сонымен қатар мәдени және білім беру саласын дамытуды қамтиды.

Ауыл мектептерін мәдени-ағарту кешендеріне трансформациялау мектепті комьюнити-орталық ретінде дамытуды, мектепте әртүрлі үйірмелер мен секцияларды ұйымдастыруды көздейді.

Комьюнити-орталықтарын құрудың мақсаты білім алушыларды, педагогтерді, ата-аналарды және ауылдың басқа тұрғындарын бірлесіп жұмыс істеу, қолдау және дамыту үшін біріктіру болып саналады.

Комьюнити-орталықтарын құру үшін мектептерді таңдау критерийлері:

- 1) ауылдық елді мекеннің болашағы;
- 2) мектептің жобалық қуаты 300 және одан жоғары;
- 3) бір ауысымдық оқыту, оқушы орындарының профициті 50 %-дан асуы;
- 4) спорт залының, асхананың, кітапхананың, акт залының болуы.

Анықтама: ҰБДҚ деректері бойынша Қазақстан Республикасында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін 493 ауылдық мектеп жұмыс істейді.

Комьюнити-орталық үшін мектепте – сыныптар, акт залдары, кітапхана, спорт залына алаңдар бөлінеді.

Комьюнити-орталықтың жұмысын ұйымдастыру үшін педагогтер, ата-аналар және жергілікті кәсіпорындар тартылады. Қосымша ресурстарды тарту үшін жергілікті ұйымдармен серіктестік құру маңызды.

Комьюнити-орталықтарын құру барлық жас топтарына, соның ішінде ересектерге қосымша білім береді. Воркшоптар, дәрістер, ғылым, технология,

өнер және мәдениет тақырыптарына арналған курстар, сондай-ақ түрлі мәдени бағдарламалар ұйымдастырылады.

Комьюнити-орталықтардың жұмысы этнопедагогика және ұлттық құндылықтар, мәдениет, дәстүрлер қағидаттарын әлеуметтік жобалар, шеберлік сыныптары мен көрмелер арқылы түсінуге және құрметтеуге ықпал етеді. Жергілікті шығармашылықты қолдау және насихаттау үшін тақырыптық фестивальдар, концерттер, театрландырылған қойылымдар мен көрмелер, спорттық турнирлер, барлық жас топтары үшін дене шынықтыру және спорт ойындарды ұйымдастырады.

Ауыл тұрғындарының өзара іс-қимылы, жергілікті қоғамдастықты толғандыратын сұрақтар мен мәселелерді шешуге бағытталған кездесулер ұйымдастырылады.

Оқушылар үшін комьюнити-орталықтардың жұмыс істеуі болашақ мамандықты таңдауда қолдау көрсетуді, қайырымдылық акцияларына, экологиялық жобаларға және әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға ықпал ететін басқа да бастамаларға қатысуды білдіреді. Ол сондай-ақ көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруға, коммуникациялық дағдыларды дамытуға және командада жұмыс істеу қабілетіне ықпал ететін жобаларға қатысуға мүмкіндік береді.

4-тәсіл. Жаңа формациядағы мектеп-интернаттар желісін құру

Шағын жинақты мектептердің 5-11-сынып оқушылары үшін «Білім-Инновация» лицейі, Назарбаев Зияткерлік мектептеріндей жаңа формациядағы интернаттар желісін құру арқылы сапалы білім алуға қолайлы жағдайлар жасау қажет.

Жаңа форматтағы интернаттар желісін құру келесі жолдармен жүзеге асырылады:

- 1) қолданыстағы интернаттардың трансформациясы;
- 2) жаңа мектеп-интернаттарын салу.

Қолданыстағы мектеп жанындағы интернаттардың трансформациясы өмір сүруге қолайлы жағдай жасау және қауіпсіз, ынталандырушы, зияткерлік ортаны қалыптастыру үшін қажет.

Анықтама: ҰБДҚ деректері бойынша Қазақстан Республикасында мектеп жанындағы 273 интернат жұмыс істейді, онда мектептері, тиісті үлгіде мектептері жоқ елді мекендердің балалары тұрады.

Мектеп-интернаттар құрылысын іске асыру үшін перспективалы ауылдық елді мекенді айқындау қажет. Мектеп-интернат салу үшін инвестор шақырылады. Инвестор құрылысты өз қаражаты/қарыз қаражаты есебінен жүргізеді. Осы тәсілді іске асыра отырып, жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша шығыстарға, оның ішінде операциялық шығыстарды төлеуге және жаңа орындарды енгізу үшін амортизациялық компонентіне жауап береді.

VII. Күтілетін нәтижелер

«Ауыл мектебі – сапа алаңы» ауыл мектептерін дамытуға арналған тұжырымдамалық тәсілдер инфрақұрылымды жетілдіруге, басқару жүйесін жақсартуға және ауыл мектептерінде инновациялық қызметті дамытуға бағытталған.

Ауыл мектептерін дамыту мәселелерінде барлық мүдделі тараптардың, соның ішінде педагогтердің, ата-аналардың, білім алушылардың, жергілікті атқарушы органдар мен бизнестің пікірін ескеру қажет. Тәсілдер әр өңір мен мектептің ерекшеліктеріне бейімделуі керек.

Ауыл мектептерін дамытуға арналған тәсілдер әрбір өңір мен мектептің ерекшеліктеріне байланысты дербес таңдалады.

Таңдалған даму тәсіліне қарамастан, ауылдық жерлердегі барлық балалардың сапалы білімге қолжетімділігін қамтамасыз ету қажет.

Ауыл мектептерін дамыту үшін заманауи жабдықтар, білікті кадрлар және инфрақұрылым сияқты ресурстарға инвестиция салу маңызды.

Білім беру саласында инновациялар мен пилоттық жобаларды қолдау керек, бұл ауыл мектептерінің алдында тұрған мәселелерді шешудің жаңа жолдарын табуға мүмкіндік береді.

Осы шараларды жүзеге асыру қала мен ауыл арасындағы білім сапасындағы алшақтықты жоюға, ауыл мектептерін балалар мен педагогтер үшін тартымды етуге, сондай-ақ ауылдық білім берудің беделін арттыруға мүмкіндік береді.

Негізгі күтілетін нәтижелер:

1. Ауыл мектептерінің инфрақұрылымы дамиды.
2. Қала мектебі мен ауыл мектебі арасындағы білім сапасындағы алшақтық жойылады.
3. Әрбір білім алушының шығармашылық, зияткерлік және физикалық әлеуетін дамыту үшін жағдай жасалады.

Ауыл мектептерін дамыту – ел болашағына жасалған ұзақ мерзімді инвестиция. Нақты талдау мен мүдделі тараптарды тарту негізінде мәлімделген шешімдерді қабылдау арқылы ауылдық жерлерде болашақ ұрпақты табысқа жетелейтін тұрақты білім беру жүйесі құрылады.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

Астана қаласы

город Астана

Об утверждении Концептуальных подходов к развитию сельских школ «Ауыл мектебі – сапа алаңы» в Республике Казахстан

В соответствии с подпунктом 2) статьи 5 Закона Республики Казахстан «Об образовании» с целью повышения качества образования в сельских школах Республики Казахстан **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить Концептуальные подходы к развитию сельских школ «Ауыл мектебі – сапа алаңы» в Республике Казахстан согласно приложению к настоящему приказу.

2. Комитету среднего образования Министерства просвещения Республики Казахстан (Жумашев К.Б.) довести настоящий приказ до сведения областных управлений образования и подведомственных организаций Министерства просвещения Республики Казахстан.

3. Руководителям управлений образования областей:

- 1) довести настоящий приказ до сведения районных отделов образования;
- 2) обеспечить исполнение настоящих Концептуальных подходов к развитию сельских школ «Ауыл мектебі – сапа алаңы» в Республике Казахстан.

4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на Первого вице-министра просвещения Республики Казахстан (Жумадильдаева Н.В.).

5. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

Министр

Г. Бейсембаев

Согласовано

31.01.2025 13:02 Еришева Сара Беккужевна
31.01.2025 13:05 Жумадилаева Наталья Васильевна
31.01.2025 14:19 Амиржанова Батес Умирбековна
31.01.2025 14:34 Карамбаев Ж.П. ((и.о Жумашев Каныбек Бекболатович))
31.01.2025 14:41 Сембаева Роза Нурлановна
31.01.2025 14:45 Акитаева Гульден Бериковна
31.01.2025 14:55 Дуйсенбаева Фариза Сансызбаевна

Подписано

31.01.2025 14:57 Бейсембаев Гани Бектаевич



Министерство просвещения Республики Казахстан - Утеуова М.К.

Приложение
к приказу Министра просвещения
Республики Казахстан
от «31» января 2025 года
№ 21

Концептуальные подходы к развитию сельских школ «Ауыл мектебі – сапа алаңы» в Республике Казахстан

I. Анализ текущей ситуации

1. Инфраструктура организаций образования

